

БЕКТЕМІН:  
Мектеп директоры:  
А.С.Абдрахманова



*Жарсай негізгі мектеп-бөбекжай балабақша кешенінің  
2023-2024 оқу жылына арналған  
мектепшілік бақылау жоспары*

Тәрбиелік іс-шаралардың 2023-2024 оқу жылындағы сапасын бақылау

Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Қарау орны	Басқарушылық шешім	Екінші бақылау
Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша анықтама	Оқушылардың сабаққа қатысымын анықтау, себепсіз қалған оқушылармен жұмыс	Сыныптар	КҮНДЕЛІК ТЕКСЕРУ	Қыркүйек	Сынып жетекшілер	бірлестік	Анықтама	
Балаларға қосымша білім беру бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы	оқушыларды үйірме, спорттық секция және клуб жұмыстарына тарту, құжаттарын жинақтау	Оқушылардың бос уақытын анықтау. Үйірме жетекшілерінің жұмысын бақылау	Үйірме жетекшілерінің жоспарымен танысу, оқушы санын анықтау	Қазан	ТІО	бірлестік	Анықтама	
Біртұтас тәрбие бағдарламасының қолданылуын бақылау	Сынып жетекшілердің тәрбие жоспарын жаңа бағдарламаға енуін қадағалау	Сынып жетекшілердің тәрбие жоспары	Тәрбие жоспарларын тексеру	Қараша	ТІО	Сынып жетекшілер бірлестігі	анықтама	
Оқушылардың әлеуметтік картасын жасау туралы анықтама	Тәуекел тобындағы және аз қамтылған отбасы балалары туралы деректер жинау	Отбасы	Анықтамалар, Үй аралау жұмыстары	Қаңтар	ТІО Әлеуметтік педагог	Бірлестік	Анықтама талдау	
Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша анықтама	Қаңтар – ақпан айлары бойынша оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру	жоспар	Күнделікті сабаққа қатысым тексеру	Ақпан	Сынып жетекшілер ТІО	Бірлестік	анықтама	

Мектептің ұстаздарымен атқарылатын жұмыстар туралы анықтама	Класс жетекшілердің класс сағаттарын бақылау, Психологтармен байланыс орнату	жоспар	Мәлімет, анықтама	Наурыз	ДТЖО	Бірлестік	Анықтама фотоотчет	
Сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмысы бойынша анықтама	Сынып жетекшілердің ата-аналармен байланысын қарау	жоспар	Тәрбие жұмысы бойынша атқарылған жұмыстарды тексеру	сәуір	ДТЖО	Сынып жетекші отырыс	Анықтама	
Жазғы лагерь жұмысының жоспарларын қарау	Сынып жетекшілермен лагерьге оқушы тарту жөнінде жұмыстану	Сынып жетекшілермен жұмыс	Түсіндірме жұмыстарын дүргізу	Мамыр	ДТЖО	Сынып жетекшілер, бірлестік	Ұсыныс	

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орышбасары

Г.О.Жанғалиева

## 2023-2024 оқу жылындағы сынып жетекшілерінің жұмысын мектепшілік бақылау қорытындысы

Сынып сағаты- тәрбие жұмысын ұйымдастырудың кең таралған түрлерінің бірі. Олар кестеге сәйкес аптасына бір рет өткізіледі. Мұнда оқушылардың сынып жетекшісімен еркін қарым-қатынас формасы басым. Сынып сағаттарының тақырыбы сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарында көрсетілген. Олардың тақырыбы оқу жылына қойылған тәрбиелік мақсаттардан туындайды, тәрбие жұмысының жалпы мектептік жоспарымен келісіледі.

Сынып сағаттары түрінде тәрбие іс-шараларын өткізудің негізгі мақсаты белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, қоғамдық өмірге, танымдық, еңбек қызметіне қызығушылықты қалыптастыру, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Сынып сағатының нәтижесі көбінесе сынып жетекшісінің оған деген қызығушылық дәрежесіне байланысты.

### **Міндетті түрде өткізілетін тәрбие сағаттары:**

- «Мектебім-мейірім мекенім»
- «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз»
- «Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы»
- «Тәуелсіздік тірегім»-
- «Ұлы мамыр мәңгі есте!»
- «25 қазан-Республика күні»
- «Отқа оранған он жыл»
- «Халықтар достығы»
- «ЖИТС-ғасыр ауруы»
- «Бірлігіміз жарасқан»
- «Әлемнің балалары терроризм мен экстремизмге қарсы»

### **Сынып жетекшілер таңдаған тақырыптар:**

- «Сен құқығыңды білесің бе?»
- «Айналамдағылар менің қандай қасиетімді бағалайды?»
- «Ұлттық тәрбие дегеніміз не?»
- «Ұлттық салт-дәстүрлер»
- «Отбасы-шағын мемлекет»
- «Еңбек түбі береке»
- «Көп тілді білу-көп мүмкіндік»

«Әсемдік әлемді құтқарады»

«Қауіпсіз ғаламтор»

Сынып сағаттарын ұйымдастыруда сынып жетекшілері тәрбиенің әр түрлі формаларын қолданады. Сынып жетекшілерінің алдына қойған білім беру мақсаттары білім алушылардың іс-әрекетінің нәтижесінде болашақта ересек өміріне өтуіне көмектесетін қасиеттерді қалыптастыратыны маңызды. Барлық сынып ұжымдарында достық атмосфера байқалады, сынып сағаттары қызықты өтеді. Оқушылар өз ойларын ашық жеткізеді, сынып жетекшісін құрметтейді, басқаларға шыдамдылықпен қарайды. Көптеген сынып сағаттарында сынып жетекшілері АКТ қолданады. Барлық сынып жетекшілерінде сынып сағаттарының жүйелілігі байқалады. Барлық сынып сағаттары өте жақсы деңгейде өтеді, өткізу формалары әртүрлі. Мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттарының бірі сынып жетекшілердің күнделіктерін уақытылы тексеруін бақылау болып табылады.

**Тексеру мақсаты:** сынып жетекшілердің күнделіктерді уақытылы тексеруі. Күнделік жүргізудің бірыңғай стандарттарын орындау. 1-9 сынып оқушыларының күнделіктерін тексеру негізінен сынып жетекшілері оқушылардың күнделіктерін рәсімдеуге және жүргізуге қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылау бөлігінде өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауға қатысты екенін көрсетті.

**Тексеру кезінде мыналар анықталды:**

- Кестедегі оқу пәндері көп жағдайда дұрыс қысқартылған және орфографиялық қатесіз жазылған;
- Күнделіктерде түрлі-түсті қаламдармен, қарапайым қарындашпен жасалған жазбалар бар;
- Оқушылардың барлығы бірдей үй тапсырмасын жаза бермейді;
- Бағаларды түзету және корректорды қолдану кездеседі;
- Бірінші тексеріс уақытында оқушылардың көбісінде титулдық бетті, пән мұғалімдері туралы мәліметтерді, бірінші жартыжылдықтағы кесте бетін толтырмаған. Кейінгі тексерісте қателіктерін жойған;
- Жыл ішінде 60% ата-аналар ғана балалардың күнделіктерін уақытылы тексеріп, өз қолдарын қояды. Оқушылардың күнделіктерін 2-9 сынып жетекшілерінің негізгі бөлігі уақытылы тексереді;
- 90% оқушылардың күнделіктері бірыңғай титулдық парақтармен қапталған;
- Барлық 2-9 сыныптарда бағалардың жинақталуы жоғары деңгейде;
- 85% оқушылардың күнделіктері ұқыпты және барлық ережелерге сәйкес жүргізіледі;

Бытырғы оқу жылындағыдай осы бағыттағы басты мәселелердің бірі-ата-аналардың балаларының қадағалауының төмендігі. Жоғарыда көрсетілгендей тек 60% ата-ана ғана балаларының күнделіктерін дер кезінде тексеріп, қол қояды.

Мұның бәрі ата-аналардың жауапкершілігінің орташа дәрежеде екендігін көрсетеді. Осы тақырып бойынша ата-аналарға бірнеше рет ескертулер айтылды.

### Қорытындылар мен ұсыныстар:

2-9 класс сынып жетекшілерінің күнделіктері бойынша оң жұмыстары атап көрсетілді. Өйткені оқушылардың күнделіктері «Күнделіктерді толтырудың бірыңғай талаптарына» сәйкес жүргізілді, оқушылардың ағымдағы бағалары күн сайын қойылады.

-5-9 сыныптардың сынып жетекшілері оқушылардың күнделік толтыруға қойылатын бірыңғай талаптарды орындауы бойынша жұмысты күшейтсін, оқушылардың күнделіктерімен тұрақты, сапалы жұмыс жүргізсін;

-Пән мұғалімдеріне үнемі, сабақта оқушылардың алған бағаларын қою;

-Сынып жетекшілеріне «Күнделік- оқушының айнасы» тақырыбы бойынша тәрбие сағатын өткізу ұсынылды;

-Сынып жетекшілеріне ата-аналар жиналыстарында күнделікті уақытылы тексерудің және оларға қол қоюдың маңыздылығы туралы ата-аналармен әңгіме жүргізу ұсынылды;

Білім оққылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштерді жою мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Жангалиеваға төмендегі көрсетілген тақырыптар бойынша педагогикалық кеңесте және мектеп директоры жанындағы жиналыста талдау жасап, анықтамаларды жинақтау тапсырылады.

-«Бастауыш, негізгі мектеп арасындағы сабақтастықты жүзеге асыру;»

-«Сынып жетекшілердің ата-анамен ынтымақтастық жұмыстары»

-«Күндылықтарды дамыту жұмыстары»

-«Жас сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары»

-«Тәрбиесі қиын бала қайдан шығады?»

-«Кең ауқымды дағдыларды қалыптастырудағы менің тәжірибем»

-«Білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру»

-«Ата-анамен жұмыстар ұйымдастыру»

Тәрбие ісінің орынбасары: *Жангалиева* Г.О.Жангалиева